

10 қазан мектебімізде өртке қарсы тактикалық оқу-жаттығулары өтті. Жаттығу барысында өрт кезіндегі тәртіп ережелері пысықталды. Сабақ барысында мектепте автоматты өрт дабылы іске қосылды. 400-ден астам оқушы мұғалімдердің бақылауымен өздеріне жақын орналасқан эвакуациялық шығу жолдары арқылы ғимараттан өз бетінше шықты. Оқу жаттығуы ұйымдасқан түрде, дүрбелеңсіз өтті. Эвакуацияға кеткен уақыт 4 минут 11 секунд. Оқу жаттығуына Петропавл қаласы ТЖ басқармасының инженері Д. К. Кенжебаев қатысты. Ол оқушылар мен қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықты тағы бір еске салып айта кетті.